

**Міндетті зейнетақы жарнасын төлеу тәртібі**

Қазақстанның еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова елдегі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗК) аударымдардың барлығы азаматтың табысынан түскен кірістен ғана төленетінін түсіндірді деп хабарлайды Tengrinews сайты.

Шенеуніктің сөзінше, мекеме, кәсіпорын жұмысшысы еңбекақысынан, жеке кәсіпкер — кәсіпкерлік қызметінен келген, сол тәрізді жеке нотариус — көрсеткен қызметінен түскен кірістен төлейді. «Ал жеке немесе заңды тұлғаларға азаматтық-құқықтық шарт негізінде қызметтің немесе жұмыстың белгілі бір түрін көрсететін азаматтар үшін — міндетті зейнетақы жарна сол жұмыс немесе қызметінің нәтижесінде тапқан табысынан төленеді (жеке мүлкін сатудан түскен ақшадан емес)», — деген Жақыпова.

Қазақстан заңы бойынша, БЖЗК есебіне аударуға міндетті зейнетақы жарна көлемі ай сайынғы табыстың 10 пайызы мөлшерінде белгіленген.

Шілденің 14-інен бастап заңға енгізілген өзгерістерге сай, азаматтық-құқықтық шарт бойынша табыс тауып отырған жеке тұлғалар да адвокат, жеке сот орындаушысы, жеке нотариус, кәсіби медиатор, жеке кәсіпкер тәрізді өз табысынан БЖЗК-ға міндетті зейнетақы жарна аударуы тиіс.

«Азаматтық-құқықтық шартпен табыс тауып отырған жеке тұлғалардың кірісі бұрынғыдай, жұмыс немесе қызмет көрсету арқылы түскен табыс болып есептеледі», — деп мәлімдеген вице-министр.

Бұған дейін зейнетақы туралы заңға жақында жаңадан енгізілген өзгерістер бойынша тұрғындарды иелігіндегі көлік немесе үй, пәтер тәрізді жеке мүлкін сатудан түскен кірісінің 10 пайызын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға міндеттегені туралы ақпарат тарап, әлеуметтік желілерде қызу талқыланды.

**Академия курсанттарының қатары толықты**

«Армандар орындалады» дегендей, үлкен үмітпен Академия қабырғасына арман қуып келген жас талапкерлер бүгінгі таңда алдарындағы көптеген қиыншылықтарды артқа тастап, бақтары жанып еліміздегі маңдайалды оқу ордамыз Қостанай академиясының курсанты атанды.

Оқуға түскен талапкерлердің қуанышында шек жоқ. Ол ұмытылмас қуанышты сезімді оқуға түскен талапкерлерден маңдаттық комиссияның салтанатты жиынында көрдік.

Осыдан 10 күн бұрын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына көптеген үміткерлер бақтарын сынап оқуға түсуге келген болатын. Міне сол жастардан бекітілген нормаға сай талапкерлер оқуға қабылданды.

Маңдаттық комиссияның салтанатты жиынында Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов оқуға түскен талапкерлерді бүгінгі қуанышты сәттерімен құттықтап, оларға ақ жол тіледі.

Құрметті қонақтар, талапкерлер! Сіздерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына



оқуға түсулеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Аты аңызға айналған Ішкі істер министрі, ішкі қызмет генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың атын алған Академияға оқуға түсу — бұл жаңа, керемет жолдың басы!

Сіздер барлық түсу сынақтарынан абыроймен өтіп шыдамды екендеріңізді көрсете білдіңіздер.

Құрметті талапкерлер! Сіздер таңдаған абыройлы жолдарыңыздағы бай білім, жаңа әсерлер, адал достар Академияда оқыған жылдардағы есте қалатын жылдар болып табылсын! Курсант жылдарын жастардың бақытты кезі ретінде естелікте қалатындай болсын! Таңдаған істеріңізде шынайы кәсіпқой болуға, жақсы оқуға тырысыңыздар!» - деді.

Генерал мырзаның ақжарма тілегінен кейін, мектепті алтын белгіге бітірген

уақыттары оқуға түсу қуанышымен жалғасын тапты.

Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов болашақ курсанттармен жеке-жеке кездесіп, олардың Академия туралы пікірлерін біліп, сөзге тартты. Кездесу барасында талапкерлер Мирлан Ахмедияұлына ұқсап генерал атанғысы келетіндерінде сөз арасында жасырмай айтып қалды.

Биылғы жас талапкерлердің арасында спорттың әр түрінен спорт шеберлер мен үміткерлер көп.

Спорт түрлерінен сынақ тапсыру кезінде талапкерлерді қолдау ретінде Академия бастығы полиция генерал-майоры М. Қызылов мырза арнайы барып, оларға күш-жігер берді. Генералдың қуатты сөзінен кейін барлығы спорттық сынақты жақсыға тапсырды.

Міне, осылай Академия қабырғасында он күндік өмірлері естерінде мәңгі сақталатынын олар жасырмады. Қысқасы алшысы оңынан түскен барлық талапкерлер Академияның курсанты атанып, оқуға түсті. Бізде бақтары жаңған талапкерлерді оқуға түсу салтанатымен шын жүректен құттықтаймыз.

**М. ОСПАНОВ,**  
**Академияның баспасөз хатшысы**

**ҰЛТ ЖОСПАРЫ: ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС**

**Қылмыс уақтылы әшкереленіп жатса**

**Жұртшылықтың полицияға деген сенімі де арта түседі**

Еліміздің жер-жерінде болып жатқан саналуан қылмыстар сияқты біздің Қостанай өңірінде де орын алып жататын небір ойға келмейтін қылмыстық оқиғалар аз емес. Әрине, қандай жағдайда болмасын жасалған қылмыстық іс дер кезінде әшкереленіп, қылмыс жасаушылар лайықты жазаға кесіліп жатса, жұртшылықтың алаңдаушылығы басылып, қоғамдық тәртіп сақшыларына деген сенімділіктерінің арта түсетіні белгілі.

Бұл орайда Қостанай облысы тәртіп сақшыларының осы бағытта атқарып жатқан жұмыстары хақында бірқатар оқиғаларды алға тарта отырып, ой-пікір білдіре кеткеннің артықтығы бола қоймас.

Тіпті жақында ғана Қостанайда болған мына бір оқиға туралы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің өзі халық алдында есеп беру кездесуі кезінде айтқан болатын. «Соңғы 5 жылдың ішінде автомобильді айдап кету - 40 пайызға, ұрлау 27 пайызға азайды. Қылмыстарды ашу көрсеткіші жақсарып келеді. Бұрын көлік ұрлау қылмыстарының 31 пайызы ғана ашылатын болса, қазір 55 пайызға жетіп отыр», - деді ол.

Министрдің айтуынша, қымбат көліктерді ұрлап, Қазақстанда сату қиын. Сондықтан елімізде ұрланған көліктер көрші елдерге шығарылады. «Жақында Қостанайда 12 адамнан тұратын

топты ұстадық. Оның ішінде біздің қызметкерлер, Ресей азаматтары бар. Олар 60 көлік ұрлаған. Мұндай қылмыспен күресу үшін Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстанмен арнайы келісімге қол қойып, бар күшімізді салып жатырмыз», - деді министр.

Міне, еліміздің бас полицейінің өзі айтып тұрғанындай қостанайлық тәртіп сақшыларының тындырып жатқан істеріне көңіл толады. Мұндай оқиғаларды санамалай берсек, ұзақ-соңар ақпарат ұсынуға болар еді. Сондықтан олардың кейбіріне назар аударып көрелік.

Рудный полицейлері зейнеткерлерді тонады деген күдікпен 27 жастағы жігітті ұстаған. Қылмыскер қарттарға шабуылдаған. Рудный қалалық ішкі істер басқармасы бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Нұржан Ахметовтің айтуынша, қаскөй жәбірленушілердің зейнетақы алғанын біліп, банктен үйіне дейін аңдыған. «Оларды үйдің кіреберісінде аңдып отырып, тұтқиылдан шабуылдаған да, азық-түлік арқалаған сәмкелерін әмияндарымен қоса тартып алып кеткен. Осы дерек бойынша, бұрын қарақшылық жасағаны үшін сотталған 27 жастағы ер адам ұсталды. Ол айыбын мойындады», - деді Н. Ахметов.

Қарақшының шабуылына ұшыраған әжейлердің бірі 77, екіншісі 82 жаста болған. Қостанай облыстық

сотының баспасөз қызметінің хабарлауынша, арнайы сотқа ҚР ҚК 99-бабына сәйкес арыз келіп түскен. Арызда көрсетілгендей, Рудный қаласының тұрғыны танысын тірідей көмген, соның салдарынан жәбірленуші көз жұмған. Рудный қаласының екі тұрғыны өндіріс орнында алкагольді ішімдік ішіп, өзара келіспей қалған. Бұдан соң біреуі екіншісінің басынан 23 рет тепкен. Кейін күдікті қолына темір алып, жерде жатқан досының кеудесінен 4 рет ұрған. Әбден ашуға булыққан ол досын біржола өлтіруге бекініп, тағы да соққының астына алады. Онсыз да араққа сылқия тойған жәбірленуші есінен танып қалады. Қимылсыз жатқан оны күдікті өлдіге балап, кәлікке тиіп, Горняцкий ауылының шетіне апарып көміп тастаған. Сараптама қорытындысы бойынша, жәбірленуші алған соққыдан емес, үсіктен көз жұмған.

Қандай қаныпезерлік десеңізші, тіпті жаңы түршігеді. Мына төменде баяндағалы отырған оқиға да адамның ойына кіріп-шықпайтын осындай қылмыстық іс туралы.

Қостанай облысы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот осы биылғы жазда қызын өлтірді деп айыпталған Сергей Клепиковқа қатысты үкім шығарды. Сот 15 жасар қызының өліміне күдікті Сергей Клепиков әрекетін қайталауы мүмкін деп таныды. «Сот Клепиков Сергейді ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігі

бойынша айыпты деп танып, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын кесті. Қылмыскер жазасын қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде өтейді», - деп судья үкім шығарды. Еске сала кетейік, 18 наурызда Қостанайдағы №11 орта мектептің 15 жасар оқушысының өлімі туралы хабар тараған болатын. Кейін оқушы қыздың өліміне әкесі кінәлі деп танылып, оны полиция қызметкерлері ұстады. Жақында оқиғаны өздігінше баяндаған куәгерлер мен іс бойынша зардап шегушіден жауап алынды. Қаза болған қыздың әкесі кінәсін мойындағанмен, өлтіру себебін түсіндіре алмады. Қанішер сот отырысы барысында қызын өлтірген күні не болғанын айтып берді. «Жұмыстан кейін шамамен сағат 19.00-де досыммен бірге сыра іштік. Сосын үйлерімізге қайттық. Үйге келіп, қызыммен амандасып, жоғарыға қарай көтерілдім. 15-20 минуттай демалып жаттым. Сосын төменге түсіп, не болғанын білмеймін, қолыма пышақ алып, қызыма қарай жүгірдім. Мені кешірмеу керек, өзімді өлтіріп тастағым келеді», — деді сотталушы. Сондай-ақ, Клепиков қызымен жақсы қарым-қатынаста болғанын айтты. Айтуынша, олардың арасында ешқашан ұрыс болмаған. Бүкіл жалақысын тек қызына жұмсаған. Мұнымен қоса, ер адамның 2004 жылы қыздың анасын өлтіргені белгілі болады. Олар сол кезде ажырасқан екен. Соттың мәліметінше, ер адам 2016 жылы түрмеден шыққан.

Кәмелетке толмаған 2002 жылғы қызымен бірге туған әпкесінің үйінде тұрып келген.

Осы жазда «Көкнәр-2018» жедел алдын алу шарасы барысында есірткі бизнесімен күрес жөніндегі басқарма қызметкерлері 84 құқықбұзушылықты анықтады. Есірткі саудасының 16 дерегі әшкере болды. Заңсыз айналымдағы 9 келі есірткі тәркіленді. Бұл туралы облыстық ІІД баспасөз қызметі хабарлаған болатын.

Мәселен, өткен шілде айында тәртіп сақшылары Қостанай ауданында 44 жастағы жергілікті тұрғын жүргізіп келе жатқан «ВАЗ-2114» маркалы көлігін тоқтатты. Олар машина салонын тексеру барысында полиэтиленді пакетке салынған 2 келінен артық марихуана тапты. «Мұндай факт Рудный қаласында да анықталды. «ВАЗ-2112» көлігін тінту кезінде 2 грамға жуық героин табылған. 22 жастағы рудныйлық есірткіні темекі қорабына жасырып жүрген», — делінеді хабарламада.

Аталған деректерге сәйкес, 296-бап («Сауда мақсатынсыз аса ірі көлемде есірткілік, психотроптық заттарды заңсыз сақтау») бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Кінәлілердің айыптары дәлелденіп, сот лайықты жазаға кесіп жатса, жұртшылықтың тәртіп сақшыларына деген сенімдері арта түсетіні сөзсіз.

**М. БАЙМЫРЗАҰЛЫ**

**Бетті жүргізуші Меіраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru**



## Қазақстан ізгілендіруде неге ілгеріледі?

Кеңес Одағында, тоталитарлық режимнің ниеті тарылған тұстарда әрбір үшінші ер адам түрмеге қамалған немесе сонда отырып шыққан заман болыпты. КСРО күйреген кезде Қазақстан жан басына шаққандағы «түрме тұрғындары» саны бойынша бүкіл әлемде үшінші орында тұрды. Қазір 18 миллион ғана халқы бар, дамыған елдер қатарына ұмтылған тәуелсіз Қазақстан адами ресурстарын бұлай рәсуалауға бара алмайды.

Сондықтан мемлекет әр азамат елге масыл болмай, қайта бір пайдасын тигізуі үшін жаза басқан қылмыскерлерге де қайырымдылық танытып, қоғамға, қалыпты өмірге оралудың екінші мүмкіндігін ұсынуда. Бұл үшін қылмыстық заңнама ізгілендірілуде. Былғы 31 шілдеде қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы гуманизациялауға бағытталған арнайы заң күшіне енді. Осыған орай Бас прокуратура өкілдері қылмыстық саясатты ізгілендіруді көздейтін сол заңның негізгі қағидаларын түсіндірді.

Аталған заңды Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында берілген тапсырмасын орындау мақсатында Бас прокуратура әзірлеген екен.

Бас прокурордың орынбасары Марат Ахметжановтың айтуынша, елімізде жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформалар мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясатын «жазалаушыдан» «құқық қорғаушы» қызметке қарай ауыстыруға бағытталған. Жаңа заң қолданыстағы Қылмыстық кодекстің – 262, Қылмыстық-процестік кодекстің – 45, ал Қылмыстық-атқару кодексінің тоғыз бабына түзетулер енгізді.

– Атап айтқанда, ауырлығы орташа және онша ауыр емес, кісі өліміне соқтырмаған 247 қылмыс түрі бойынша балама жаза ретінде алғаш рет «қоғамдық жұмыс» енгізілуде. Бұл сотталғандардың еңбегін қоғам игілігіне пайдалануға мүмкіндік береді. Айыппұлдың ең төменгі көлемі бұрынғы 500 АЕК-тен 200-ге, яғни 1,2 млн теңгеден 481 мыңға дейін кемітілді. Ал оны төлеудің минималды мерзімі 6 айдан 3 жылға дейін ұзартылды. Бұл мыңдаған азаматтарға айыппұл көлемін төмендету және оны өтеу мерзімін ұзарту туралы сұрап, сотқа жүгінуге құқық береді, – деді Марат Ахметжанов.

Оның айтуынша, меншікке қарсы қылмыстар, экономикалық және кейбір өзге де қылмыстар бойынша айтарлықтай, ірі және аса ірі залал мөлшер көлемі 2 есеге дейін жоғарылатылды.

Жалпы алғанда, осы аталған түзетулерге негізінен, сеніп тапсырылған мүлікті талан-таражға салғаны және алаяқтығы үшін бас бостандығынан айырылған 2,5 мың сотталушы ілігіп отыр. Олардың барлығының жазаны өтеу мерзімі қысқартылды.

Ауыр қылмыстардың 12 құрамы бойынша балама жаза ретінде енді соттар бас бостандығын шектеуді де тағайындауға мүмкіндік алды. Бұларға әскери, экономикалық, лауазымдық және меншікке қатысты қылмыстар жатады. Бұл қылмыстарды жасап, тұтылғандар түрмеге отырмай, судья қаласа, тек жүріс-тұрысы шектеледі.

Қылмыстық кодекс бойынша бас бостандығы шектелген сотталған адам алты айдан жеті жылға дейінгі мерзім ішінде қоғамдық орындарда күніне төрт сағат мөжбүрлі еңбекке тартылады. Бұдан бөлек сот шешімі бойынша ол уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстыра алмайды, белгілі бір орындарға бармауға тиісті, алкогольмен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардан емделу курсынан өтуге міндетті. Сондай-ақ отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру міндеттерін, сотталған адамның түзелуіне және оның жаңа қылмыстық құқықбұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауға тиісті.

Бас прокурордың орынбасары мұндай қылмыскерлер бақылауда ұсталатынына назар аударды. Ол 32 қылмыс бойынша, оның ішінде 13 экономикалық қылмыс бойынша бас бостандығынан шектеу мерзімінің ең жоғарғы шегі 2-3 жылға кемітілгенін хабарлады.

«Еселендірілген айыппұлдарды» қолдану аясы кеңейеді. Алаяқтар және сеніп тапсырылған мүлікті талан-таражға салғандар үшін айыппұл мөлшері келтірілген залал құнының 10-20 еселенген көлеміне тең болады.

Қоғамға қауіпті емес сотталғандардың санатына және алғаш рет 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылғандарға

бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаны өтеу шарттары жеңілдетіледі. Олар қауіпсіздік режимі төмен мекемелерге жіберіледі. Нәтижесінде, бұған дейін қатаңырақ режимдегі 400 сотталған қауіпсіздігі төменгі мекемелерге ауыстырылады.

–Ізгілендіру 5 мыңға тарта адамға қатысты болады деп болжануда. Бірақ бұл олардың барлығы бір мезетте босатылады деген сөз емес. Бұл үрдіс кезең-кезеңімен жүргізіледі. Егер олар келтірген залалдарының орнын толтырса және жүріс-тұрысы бойынша оң сипаттама алса, жазасының едәуір бөлігін өтеген сотталушыларды сот бірден босатады. Басқа сотталғандардың жаза мерзімі төмендетіледі, сөйтіп олар шартты түрде мерзімінен бұрын босап шығуға, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруға жақынды түседі, – деді Марат Ахметжанов.

Ол ауыр қылмыстар – кісі өлтіру, зорлау, азаптау, экстремизм мен терроризм және қылмыстың ұйымдастырылған түрлерін жасағандарға ізгілендіру қолданылмайтынын мәлімдеді. Бұдан бөлек, жаңа заң мерзімінен бұрын босаған тұлғалардың жауапкершілігін күшейтеді, рецидивті және масаң күйде жасалатын қылмыстардың алдын алудың қосымша түрлері мен әдістерін енгізеді.

Бас прокуратура мәліметінше, елімізде осы бағытта реформалар жүргізілген жылдары қылмыстылық 7-10 пайызға төмендеді. 2012 жылдан түрмедегілердің саны 19 мыңға, 52 мыңнан 33 мыңға дейін кеміген. Құзырлы орган өкілдері мұның елдегі қылмыстық жағдайға кері әсер тигізбегенін айтады, 2012 жылмен салыстырғанда, 2017 жылы ауыр және аса ауыр қылмыс саны 22 пайызға, зорлау 43 пайызға (2,3 мыңнан 1,3 мыңға) және қарақшылық 59 пайызға (1700 мыңнан 700-ге) азайды.

Бас прокуратура бұл заңның қабылдануы және құқық қорғау қызметін ізгілендіру заң үстемдігі қағидаларын нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Осыған байланысты бас прокурор Қайрат Қожамжаров барлық құқық қорғау органдарына заң қағидаларын мүлтіксіз әрі нақты орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

**Айхан ШӘРІП**  
*(«Айқынның» электрондық нұсқасынан, 30 шілде, 2018 ж.)*

## Жұмыс кездесуі өткізілді



**Қостанай станциясындағы ІІЖБ басшылығы Ресей Федерациясы Челябинск қаласында шекарамен шектес аймақтарының өзара іс-қимыл жасасу бойынша жұмыс кездесуге қатысты.**

Кездесу барысында көші-қон процестерін ретке келтіру, көлік инфрақұрылым объектілерінде есірткі құралдарының контрабандасы мен есірткі заттарының заңсыз айналымымен күрес жүргізу шаралары, халықаралық қылмыстық топтары қызметінің жолын кесу, жолаушылар және жүк тасымалы саласында қылмыстылықпен күрес жүргізудегі екі жақты мәселелер талқыланды. Ең маңызды мәселе болып террористік және экстремистік қызметіне қатысты тұлғалар туралы ақпаратпен алмасуды ұйымдастыру, қылмыскерлерді іздестіру бойынша бірлескен жедел-іздестіру іс-шараларын жандандыру болып табылады.

Жұмыс кездесуінің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы көліктегі ІІД Қостанай ст. ІІЖБ-нің және Ресей Федерациясы ІІМ Көліктегі Оңтүстік – Орал ЖБ басшылығымен бірлескен хаттама толтырылды, онда көлік полициясы органдарының шекаралық ынтымақтастық шеңберінде кәсіби байланыстарын кеңейту және қылмыстылықпен күрес жүргізу бойынша өзара іс-қимыл жасасу жөніндегі кейінгі бірлескен іс-шаралары анықталды.

*Қостанай ст. ІІЖБ штабы*

### ҰЛТ ЖОСПАРЫ: ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

## Дауды медиация тәртібінде реттеу – екі жаққа да пайдалы

Қазақстандықтардың дауларды сотқа жеткізбей шешу мүмкіндігі бар. Мәмілеге келуге арнайы білім алған медиаторлар көмектеседі. Осының барлығы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Медиация туралы» ҚР Заңымен реттеледі.

Медиация институты көптеген дамыған мемлекеттердің құқықтық тәжірибесіне енген, алайда, қазақ қоғамында бұл институттың дамуына серпін берген заңдардың қабылдануына қарамастан, дауларды дәстүрлі сот тәртібімен шешу жолдары халық санасында нық орнаған. Сондықтан елімізде медиацияны сот жүйесіне интеграциялаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру қажеттігі туындап отыр. Медиацияны дамытудың бірден бір дұрыс жолы сот мекемелерімен тығыз қарым-қатынас жасау болып табылады. Судья – ол арнайы құзыреті бар, мемлекет атынан шешім шығаратын тұлға, ал медиатордың мәртебесі халыққа беймәлім, ол ешқандай заңды күші бар шешім қабылдамайды, алайда, медиация рәсімі барысында қол жеткізілген келісім, заңға қайшы болмаған жағдайда, соттың ұйғарымымен бекітіліп заңды сипатқа ие болады.

Медиация дауды сотқа баламалы тәсілдермен шешу мүмкіндігінің бірі, оның артықшылықтары көп, қысқа мерзімде, көп шығындалмай, мүдделерді екі жақты тиімді түрде қанағаттандырады, тараптар медиация барысында келісімге қол жеткізсе, сот бұл келісімді ұйғарыммен бекітіледі, бұл ретте төленген мемлекеттік баж Қазақстан

Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне көзделген тәртіппен төлеушіге қайтарылады. Медиацияға жүгіну туралы ұсыныс жазбаша нысанда да жүргізілуі мүмкін. Тәжірибеде азаматтық істер бойынша медиацияның жүргізілуі 2-3 сағатты, әкімшілік іс бойынша 10-15 минутты алуы мүмкін. Егер дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім сотқа жолданған жазбаша арыздарда жазылса, олар іске қоса тіркеледі, бұл туралы сот отырысының хаттамасында көрсетіледі. Ұйғарымда тараптардың сот бекітетін бітімгершілік келісімінің немесе дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің шарттары көрсетіледі.

Медиаторлар келесі тұлғаларға қатысты медиацияны тегін жүзеге асырады: 1) Мүгедектер және Ұлы Отан соғысына қатысушылар; 2) Мүгедектер және Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген тұлғалар; 3) 1 және 2- топтағы мүгедектер; 4) Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылары; 5) ҚР Үкіметі бекіткен аурулар тізілімінде көрсетілген ауыр созылмалы аурумен ауыратын тұлғалар; 6) Зейнеткерлер (жасы бойынша); 7) Жетім балалар, 29 жасқа толмаған ата-анасының қамқоршылығынсыз қалған балалар, көмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар; 8) Оралмандар; 9) Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдай, табиғи апат салдарынан тұрғын үйден айырылған тұлғалар; 10) Көпбалалы отбасылар; 11) Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті, адам өмірін құтқару, құқықтық тәртіпті қорғау нәтижесінде қаза болған тұлғалар отбасылары.

Медиация рәсімінің тағы бір артықшылығы – ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алады. Медиатор ешқандай шешім шығармайды, ол тек тараптардың өз бетімен тиімді шешімге келуіне ықпал етеді. ҚР «Медиация туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес медиация тараптары оның кез келген сатысында медиациядан бас тартуға құқылы. Осы заңның 12-бабының 1-тармағына сәйкес медиация тараптары өзара келісім бойынша басқа медиаторды таңдауға құқылы. Тараптарды татуластыру институтын дұрыс қолдану жәбірленушінің қылмыстық процестегі рөлі мен белсенділігін арттыруға, оның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын тез қалпына келтіруге жәрдемдеседі, сонымен бірге қылмысты жасаған, соңынан жәбірленушімен татуласу және зиянның есесін толтыру түрінде байқалатын оң тәртібімен танылған адамдарға адамгершілікпен қарауға бағытталған.

Жалпы алғанда, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру мақсатында елімізде сот жүйесін реформалау тұрғысында қолға алынып жатқан ізгі шаралар аз емес. Мәселен, соның бірі жоғарыда өңгіме болып отырған Медиация мәселесі. Сондықтан да жақын арада біздің қоғамымызда дау-дамайды сұхбаттасу және келісімге келу жолымен шешу кеңінен тараған әдістердің біріне айналары сөзсіз.

**К. ХАСЕНОВА,**  
**Қостанай қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының бас маманы**

*Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru*